



ABAI: Adamzattyń b́arın śuı baýyrym dep.

BALQASH ÓNIRI

Аймақтық қоғамдық-саяси газет

Газет 1932 жылдың 1 мамырынан бастап шығады

balqash_oniri_gazeti

balkhashoniry@mail.ru

№5 (13186), 20 ҚАҢТАР, ЖҰМА 2023 ЖЫЛ



Нұрдос МАРҒАТУЛЫ,
«BALQASH ÓNIRI»

ЖӨЗЕКТИ

«БАЛҚАШСҮТТІҢ» БАҒЫ ЖАНА МА?

БҰРЫНДАРЫ БАЛҚАШТЫҚТАРДЫҢ «БАЛҚАШСҮТ» КӘСІПОРНЫ ӨНІМДЕРІНЕ ҚОРЖЫНДАРЫН КОМПИТИП АҚЫРЫН БАСЫП ҮЙЛЕРІНЕ ҚАЙТЫП БАРА ЖАТҚАНЫН КӨРУШІ ЕДІК. БҮГІНДЕ СОЛ ДӘМІ ТІЛ ҮЙІРЕТІН САПАЛЫ СҮТ ӨНІМІНІҢ ЗАТЫ ТҮГІЛ АТЫ ҚАЛМАДЫ. ТОҚСАНЫНШЫ ЖЫЛДАРЫ ТОҚЫРАП, ҚАЙТА АЯҚҚА ТҮРҒАН КӘСІПОРЫН ҚАЗІРГІ УАҚЫТТА ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТҚАН. ОҒАН СЕБЕП ШИКІЗАТТЫҢ ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ КӨРІНЕДІ.

2017 жылы кәсіпорынның үлкен қиындықтары туралы айтып, «Балқаш сүт» ЖШС басшысы Қадыр Каспаков дабыл қаққан. Қаржылық қолдау болмағаннан кейін, кәсіпорын толық қуатта жұмыс істеуге қауқары жетпеген. 2012 жылдан 2017 жылға дейін өндірілген өнім көлемі 9 есеге төмендеген. 2018 жылдың 20 тамызынан бастап кәсіпорын ресми түрде жұмысын тоқтатқан. «Балқашсүт» ЖШС өндірісі тоқтағалы шағын шаһарда тағы да бір түйткілді мәселенің ұшы қылтияды. Қыс қаһарына мініп, қатынас жолдары жабылғанда қала сүтсіз қалады. Сүт өнімдері сырттан тасымалданатын болғаннан кейін бұл жағдай Балқаш халқын алаңдатып отыр.

Көне кәсіпорынның тарихына көз жүгіртсек, сонау 1939 жылы Қарағанды сүт комбинатының Балқашта май өндіру, қаймақ және елден сүт жинайтын бөлімшесі ретінде ұйымдастырылған. 1955 жылдан база бойынша қалалық сүт зауыты іске қосылып, қышқыл сүтті су-сын және балмұздақ өнімдері өндірілген. 1967 жылы қалада сүт зауытының арнайы жаңа ғимараты салынып, «Гормол-завод» деген атаумен тұтынушыларға өнім ұсынған. Ол уақыттарда Дересін елдімекенінде сиыр фермасы жұмыс жасап, толықтай қаланы, зауыт пен мекемелерді және Ақшатау кентін сүт өнімдерімен қамтамасыз етіп отырған. 1988 жылы қайта құру жағдайында зауыттың құрал-жабдықтары түгел өзгертіліп, жаңа жүйеге көшірілген. 1994 жылы мемлекеттік мекемеден «Балқашсүт» АҚ-ға айналған. 1999 жылы оның құра-



мына Жарықтың «Ақ бұлақ» АҚ қосылды. Кәсіпорын сүт өнімдерінің 30-дан астам түрін өндірді. 1999 жылдары балтатитын, таңдайға түссе тамсандырып, тіл үйіретін балмұздақтың 10 шакты түрін шығарған. Жаз айларында 20 тонна балмұздақ өндіріп, тіпті, сүт өнімінен бөлек айына 15 тонна нан пісіріп сатқан. 2005 жылы «Балқашсүт» ЖШС болып өзгерді. Кәсіпорынның жобалық қуаттылығы 300 тонна сүтті қайта өң-

деуге есептелген, алайда 2016 жылдары кәсіпорын тек 30 тонна шикізатты қайта өңдеп шығарып отырған. Дәл қазіргі кезде жұмысын тоқтатқан кәсіпорынды қайта ашып, жұмысын жандандыру туралы бірнеше рет тұрғындар мәселе көтерген болатын. Бірақ, бұл мәселенің түйіні әлі күнге дейін шешілмей отыр.

«Екі сауыншы кездесе шелегі мен қаймағын айтады» дегендей, бұл орайда балқаштықтар сүт өндіруде елімізде

алғашқы орында болған «Балқашсүт» кәсіпорнын әлі күнге дейін мақтанышпен айтады. Есігіне қара құлып ілінген компанияның май, қаймақ, айран, ірімшік, қойылтылған сүт пен басқа да өнімдерін аңсаған жұрт жергілікті өндіріс ошағын сақтап қалуға құзіреті жетпегендерге өкпесі де жоқ емес.

Айта кетейік, бүгінде сүт шаруашылығы – елімізде өзекті салаға айналып отыр.

Қуандық МАҚСҮТҰЛЫ,
«BALQASH ÓNIRI»

ЖАЛҒАСЫ – 85 ЖЫЛ

Алғашқы балқытушы



МЕНІҢ ЖЕКЕ АРХИВІМДЕ БІР ТАРИХИ ФОТОСУРЕТ САҚТАУЛЫ. ОНЫ ОСЫДАН 22 ЖЫЛ БҰРЫН ҚАЛАМЫЗҒА БЕЛГІЛІ ҚҰРМЕТТІ МЕТАЛЛУРГ, ЖУРНАЛИСТ, МАРҚҰМ ТӨЛЕУҒАЗЫ АБДУАҚАСОВ АМАНАТТАП БЕРІП КЕТКЕН ЕДІ. ОЛ – 1938 ЖЫЛЫ 24 ҚАРАШАДА БАЛҚАШТА АЛҒАШҚЫ МЫС БАЛҚЫМАСЫН АЛУҒА ҚАТЫСҚАН АЗАНБАЙ ТІЛЕУҒАБЫЛОВТЫҢ ФОТОСЫ БОЛАТЫН. ФОТОНЫҢ АРТҚЫ БЕТІНДЕ «АЗАНБАЙ ТІЛЕУҒАБЫЛОВ. ОСЫ СУРЕТІ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ МҰРАЖАЙЫНДА САҚТАУЛЫ ТҰР» ДЕГЕН ҚОЛМЕН ЖАЗЫЛҒАН ҚОЛТАҢБА БАР.

Осы суретке қосымша тағы бір парақты ұстатқан еді Төлеуғазы ағамыз. Онда «1940 жылдардың ортасында Д. Десятников, П. Матюшин, В.П. Матвиенко, А.Г. Старинов, В. Шайденко, Л. Аполон-втар өнеркәсіпті өрге бастырып,

қаламыздың көркеюіне, зауыттың өркендеуіне ерекше күш жұмсады. Оны мына жағдайлардан да көруге болады. Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік тарихи мұражайының 3-ші қабатының төрінде Балқаш мыс зауытының ардагерлеріне орын



берілген. Алғашқы мыс балқытушы Ленин орденді құрметті металлург Азанбай Тілеуғабайұлының қажырлы еңбек нәтижесінде алған наградалары мен деректі құжаттары және жұмыс киімдері ілулі тұр» – деп, аға балқытушының өмірінен аздап дерек келтіріпті.

(Жалғасы 4-бетте)